

Б.КӨРКЕМБАЕВ



ЕКІ ҰРПАҚТЫҢ ЖҰЛДЫЗДАРЫ




5
бетте

АДАМДЫ АДАМ ЕТКЕН – КІТАП



6
бетте

ЖЕРЛЕСІМІЗ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ



8
бетте

ЖОМАРТ, ЖАЙСАҢ, ЖАҚСЫЛАР


Диана БАТЫРБЕК

Қостанайдағы «Орион» мәдениет үйінде өткен салтанатты іс-шара аясында 11 меценатқа мейірімділік пен жомарттықтың белгісі ретінде «жүрек» түріндегі естелік мүсіншелер үлестірілді. Марапатқа кенелген жандар екі жыл бойы қайырым-

дылықпен белсенді түрде айналысып, мұқтаж жандарға әрдайым көмек көрсетіп, қиын жағдайда қолдауға тырысты.

Ұлттық бірлік пен әлеуметтік келісімді нығайтуға қосқан үлесі үшін этномәдени орталықтар, консультативтік-кеңесші органдар, «Ассамблея жастары» жастар

Республика күні – Тәуелсіздігімізді ұлықтайтын мереке. Осы мереке қарсаңында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы ел дамуына үлес қосқан азаматтарға, меценаттарға «Жомарт жан» сыйлығын табыс етті.

қозғалысы, блогерлер мен қоғам қайраткерлері қатарынан 19 белсенді жан аталып өтті.  2-бет

Құрметті қостанайлықтар!

1990 жылғы 25 қазанда Қазақстан жаһанға егемен ел екенін жариялады. Осылайша, ұлттың ең үлкен арманы орындалды.

Тарихымызға тәу еткен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бұл мерекеге Ұлттық мәртебе беріп, «Республика күнін мереке күнтізбесіне қайта енгізу – тарихи әділеттілікті орнату» деп атап өтті.

Осылайша, бұл мереке Қазақстанның көпұлтты халқының бірлігінің, әрқайсымыздың өз Отанымызға деген шексіз сүйіспеншілігіміздің символына айналды.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы – қарқынды дамып,

өркендеп келе жатқан мемлекет! Біздің басты мақсатымыз – әр шаңырақтың бейбітшілік пен келісімін, әл-ауқаты мен өркендеуін қамтамасыз ету.

Құрметті жерлестер!

Мемлекетіміздің бірлігі мен берекесі арта берсін. Әрбіріңізге зор денсаулық, бақыт, шығармашылық шабыт, еңбекте жетістіктерге жетуді тілеймін. Отанымызды өркендетуге бағытталған әр істеріңізге сәттілік тілеймін! Барлық бастамаларымыз нәтижелі, ал болашағымыз жарқын болсын!

Қ.АҚСАҚАЛОВ,
Қостанай облысының әкімі.





Жомарт, жайсаң, жақсылар

1-бет

Оларға облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының алғыс хаттары берілді.

«1990 жылы қабылданған декларация біздің еліміздің іргетасын қалады. Сол уақыттан бері еліміз де, облысымыз да дамып, өнеркәсіп орталығына айналды. Ел мен жер үшін бар күшін салып жатқан азаматтарға құрмет көрсетіп, алғыс айту борышымыз», – деді қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Абылай-хан Кәкенов құттықтау сөзінде.

Облыстық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қалқаман Жақып ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың алдымызға қойған мақсат-міндеттері мүлтіксіз орындалатынына сенімді екенін айтты.

«Бізге керегі – әділетті, экономикасы дамыған Қазақстан. Мінекей, осы

бағытта, облысымызда Қазақстан халқы ассамблеясы біраз жұмыстарды атқарып жатыр», – деп үлгілі істерге тоқтала келе, бастамашыл, қоғам белсенділеріне марапат табыстады.

«Қостанай таңы» газетінің бас редакторы Кенжеш Оразғалиқызы да еліміздің дамуына үлес қосып жүрген қайырымды да жомарт жандарды құттықтады.

«Республика күні – әр қазақтың санасында жаңғыратын мереке. Бұл күннің қазақ елі үшін мәні зор. Жастарымыз да елдің өркендеуіне үлес қосып келеді. Алдағы жылдарда да жетістіктерге жете берейік», – деген тілегін білдірді.

Марапатталғандардың бірі – ауыл шаруашылығы саласында 30 жылдық тәжірибесі бар Татьяна Пфунт. Ол

көмекке мұқтаж жандарға әрқашан қол ұшын созуға дайын жан.

«Қайырымдылықпен жиі айналысамын, қаражатты аямаймын. Интернет-мектептерге үнемі көмектесіп тұрамын. Себебі, балаларды жақсы көремін», – дейді шаруа қожалығының басшысы.

Блог түсірумен айналысатын Вера Мадиеваның пікірінше, көптеген адам үшін Қазақстан көпұлтты мемлекеттің қандай болатынын дәлелдеді. Ол этносаралық келісімді сақтауға қосқан үлесі үшін Ассамблеяның алғыс хатын алды.

«Инстаграм желісінде 108 мыңнан астам, ал Tik-tok-та 75 мың оқырманым бар. Сол себепті, Қостанай облысындағы көптеген кәсіпорындармен бірлесе отырып жұмыс істеймін. Әлеуметтік желіде халықтар арасындағы достық, әр елдің мәдениеті жайлы бейнежазбалар дайындаймын. Қазақстанды басқаларға үлгі етіп келемін», – дейді Вера Мадиева.

Салтанатты іс-шара соңы мерекелік концертке ұласты.

Суреттерді түсірген Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ



Сайлау

Рудныйда пилоттық режимде әкім сайланады



Қаладан сайлауға 3 үміткер тіркелгенін бұдан бұрын да хабарлаған едік. Еске сала кетсек, біреуі «Аманат» партиясынан, екеуі өзін-өзі ұсыну негізінде тіркелді. 10 қазаннан 4 қарашаға дейін күнтізбелік жоспар бойынша үгіт кезеңі аясында кандидаттар сайлаушылармен кездеседі. Арнайы тұғырларда сайлауалды бағдарламалар бойынша ақпарат орналастырылады.


20 қазаннан бастап сайлаушылардың тізімдері кеніштерге сайлау учаскесінде танысу үшін ұсынылды. Барлығы келіп, тізімдердегі өздері туралы мәліметтерді нақтылай алады. Сондай-ақ, бізде call-center жұмыс істейді. Мысалы, адамдар Рудныйға басқа қаладан көшіп келген немесе қазір жаңа ауданда тұрады және учаскесінің қайда екенін білмейді. Мамандар сізге осы жайлы жан-жақты түсіндіріп, қажетті ақпарат береді. «Рудный, Қашар, Горняцк және Перцевте

барлығы 47 учаске бар, оларға 82 мыңнан астам сайлаушы бекітілген. Бұл ретте, Рудныйда тұрып, қашарда жұмыс істеген жағдайда, ол өз учаскесінде есептен шығару куәлігін алып, дауыс беруге құқылы. Заң науқас отбасы мүшесінің денсаулығына немесе күтіміне байланысты сайлау учаскесіне келе алмайтын сайлаушыларға дауыс беру үшін үй-жайдан тыс дауыс беруді ұйымдастыру мүмкіндігін қарастырады. Ол үшін адамның өзі немесе оған қарайтын адам дауыс беру күні сағат 12:00-ге

дейін учаскелік комиссияға жүгінуге құқылы», – дейді қалалық сайлау комиссиясының төрайымы Айгүл Аврамова.

Сайлаушылар тізілімге енгізіледі және дауыс беру үшін үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастырады. Сондай-ақ, учаскелік сайлау комиссиялары сайлаушыларды учаскелік орналасқан жері және учаскелердің байланыс деректері көрсетілген шақыру қағаздары арқылы дауыс беру уақыты туралы хабардар етумен айналысады.

А.ҒАЛЫМҰЛЫ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының шығып қалған депутатының орнына сайлаудың тағайындалуына байланысты және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабының 4-тармағына сәйкес, Қостанай облыстық сайлау комиссиясының құрамын жариялаймыз:

Төрағасы - Малашко Александр Юрьевич.
Төраға орынбасары - Самбаева Джамия Баянқызы
Хатшысы - Лютова Галина Леонидовна.

Комиссия мүшелері: Баратова Шолпан Әміржанқызы, Именалинова Джамия Исахметқызы, Корнилов Лев Анатольевич, Найденов Дмитрий Евгеньевич.

Орналасқан жері: Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 60, тел.54-16-20.

СОСТАВ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

В связи с назначением выборов депутата Сената Парламента Республики Казахстан вместо выбывшего и в соответствии с пунктом 4 статьи 13 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» публикуем состав Костанайской областной избирательной комиссии:

Председатель – Малашко Александр Юрьевич.
Заместитель председателя – Самбаева Джамия Баяновна
Секретарь – Лютова Галина Леонидовна.

Члены комиссии: Баратова Шолпан Амиржановна, Именалинова Джамия Исахметовна, Корнилов Лев Анатольевич, Найденов Дмитрий Евгеньевич.

Местонахождение: г. Костанай, проспект Аль-Фараби, 60, тел.54-16-20.

Елімізге АЭС керек пе?

Ел ішінде атом электр станциясын салуға қатысты қоғамдық талқылаулар өткізіліп жатыр. Қостанайда ұйымдастырылған бірінші ұсыныста ғалымдар АЭС-тің қажет екендігін айтып, бірнеше дәлел келтірді.

Әлібек ЫБЫРАЙ

Ең әуелі энергетиканы өрістету қай елдің болсын даму дәрежесін көрсетеді дейді сарапшылар. Атом электр станциясы 100 жылға дейін ең "жасыл энергетика" болып есептелетін көрінеді. Сондықтан, өркениет көшіне ілесу үшін мемлекет үшін маңызды мәселені қолға алу қажет. Ғалымдар елде электр энергетикасына деген сұраныс күннен-күнге артып келе жатқанын айтады. Ал электр энергиясы жеткілікті көлемде өндірілсе, қазіргі күні ең маңызды мәселенің бірі – жылу жүйесін ретке келтіруге болар еді. Екіншіден, электр желілеріндегі жабдықтардың жартысынан көбі тозған. Соның кесірінен бірқатар өңірде жарық жиі өшіп қалады. Атом электр станциясын салу мәселені шешудің тиімді жол дейді жиналғандар. Мамандардың сөзінше, бұл қоршаған ортаны ластайтын қазба отыннан бас тартуға септігін тигізеді. Атом электр станциясын салу мәселені шешудің тиімді жолы. – Қазақстанда АЭС салу ха-

лықаралық нарықта аса қолайлы. Сондықтан, көпке ұзатпай атом энергетикасына көшуіміз керек. Бұл таза энергетика. Атомдық станция жел немесе күн станцияларына қарағанда тиімді. Әрі қауіпсіз. Мәселен, соңғы кезде ұсынылып жатқан су энергетикалық реакторы ол алғашқысы 1957 жылы АҚШ-та, 1964 жылы КСРО-да ашылған. Содан бері бірде-бір рет апат болып көрді ме? Ештеңе болған емес. Ең сенімді, кәміл сенуге болатын реакторлардың бірі осы деп есептеймін. АЭС-ті Қазақстан осыдан бірнеше ондаған жылдар бұрын салу керек-тін. Бірақ, әлі де кеш емес. Оны бүгіннен бастап қолға алсақ, еліміздің энергетикалық ахуалы көп-көріп түзелер еді. Қазір Өзбекстан, Түркия, Беларусь, Мысыр елдері салып жатыр. Егер Өзбекстан бізден бұрын салатын болса, электр энергиясын бізге сатады. Ал біз уранның үстінде отырып, олардан электр энергиясын сатып алуымыз керек пе? Бұл – болашаққа жасалған нағыз қастандық болар еді, – дейді ҚР ядролық физика институтының



Бас директоры Саябек Сахиев. Негізі, АЭС салу мәселесін көпшілік қолдайды. Алайда, кейбіреуі оның зиянды жағын

тізбелеп, оның құрылысын салуға үзілді-кесілді қарсылық танытудан тайынбай жүр. Олардың бойында күндердің

күнінде Чернобыль, Фукусимада болған сияқты жарылысқа апарып ұрындырмай ма деген үрей басым.

– Халық бет алды қорқа бермеуі керек. АЭС-тің көп пайдасы бар. Өйткені, қазір күн санап экономикамыз өсіп жатыр. Ертең газ да, мұнай да таусылды. Сол кезде мұның пайдасы көп тиеді. Біз болашақ ұрпақ үшін жұмыс істеуіміз керек. Бүгінде өркениетті елдердің бәрінде атом электр станциясы бар. Яғни, оның тиімділігін біліп отыр. Менің ойымша, бізге бір емес, үш АЭС қажет. Біреуі жетімсіз, дейді З.Алдамжар атындағы ҚЭТУ Президентінің кеңесшісі, физика-математика ғылымдарының докторы Қадырғали Жаманбалин.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ

Қоғам белсенділерін не алаңдатады?

Мұрат ЖҮНІСҚАЛЫ

Арқалық қаласының әкімі қоғам белсенділерімен кездесті. Кездесу барысында көкейде жүрген сұрақтар тоқтаусыз қойылып, мекеме басшылары тарапынан тиісті жауаптары берілді.

Көпшілікті толғандырып жүрген мәселелердің бірі – қаланың тазалығы болды. Жылу және су құбырларын ауыстырған мердігерлер қазған жерлерін реттемеген. Бұл сұраққа "Арқалық қаласының жылу және сумен жабдықтау желілерін қайта жаңарту бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталғанға дейін зардап шеккен аумақтарды қалпына келтіру және абаттандыру шаралары қабылданады. Атап айтқанда, 4 мың шаршы метр жерге тегістеу және асфальттау жұмыстары жүргізіледі және артық топырақ пен қоқыстардың жойылатындығы" айтылды.

Қалада жыл сайын 2 мың бірлік көлемінде ағаш көшеттерін (пирамидалық терек) күзгі-көктемгі отырғызу жоспарлануда. Жылу желілерін қайта құру барысында жылу желілерінің жо-



лындағы жұлынған ағаштар мен жасыл алқаптарды қайта қалпына келтіру жұмыстары қазірдің өзінде басталып кеткен. Тағы бір

мәселе – көшеаралық жол қатынасындағы стандартты жылдамдық тежегіш орнату. Тиісті орындардың мәлімдеуінше,

"2024 жылы Арқалық қаласының жолдарына "IDN-500" маркалы жасанды жол дөңестерін орнату жоспарлануда".

Мемлекет басшысы жүктеген "Халықтың әл-ауқатын арттыру" мәселесі де күн тәртібінен түспейді. 2023 жылы Арқалық қаласы бойынша мемлекеттік грантқа 12 өтініш түсіп, оның үшеуі мақұлданды.

"Ауыл аманаты" бағдарламасы аясында Арқалық қаласы, ауылдар және ауылдық округтер бойынша 24 адам 135 млн 200 мың теңгеге (14 жұмыссыз, 5 АӘК атаулы әлеуметтік көмек алушы,

5 өзін-өзі жұмыспен қамтушы) қаржыландырылды. Нәтижесінде 22 жаңа жұмыс орны ашылды. Бизнес-жоспар бойынша 22 мал шаруашылығы (114 бас ірі қара, 119 бас жылқы, 50 бас уақ мал) және 1 ағаш цехы (ағаш терезе-есік жасау), 1 калифорниялық құрт өсіру кәсібі қолға алынады. Бүгінгі таңда кейбір несие алушылар өз кәсіптерімен айналысып, табыс табууда.

– Қойған сұрақтардың кейбіреуі шешіледі, кейбіреуі шешілмейді. Бірақ, біз соны шешуге жұмыс жасауымыз керек. Сол үшін осы қызметте жүрміз. Мұның барлығы қаламыздың, еліміздің жақсы болуы үшін істеліп жатқан істер. Кейбір сұрақтар біздің деңгейімізде шешілмейді. Оны жоғары жаққа айтып, көтеретін боламыз. Ең басты құндылық – ел-жұртымыздың амандығы, – деді жиынды қорытындылаған қала әкімі Әмірхан Асанов.

Барлық сауалдар қамтылып, емен-жарқын, жариялы түрде ашық сұхбат болғаны үшін қоғам белсенділері қала әкіміне алғысын білдірді.

Суреттерді түсірген автор Арқалық қаласы



Мереке құтты болсын!

Егемендік – мәңгілік елдің мұраты

Биыл елімізде бірқатар саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістер орын алды. Наурыз айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен ҚР Парламенті Мәжілісі мен әртүрлі деңгейдегі мәслихаттар өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатып, кезектен тыс сайлау өтті. Аталмыш саяси науқанның жаңа қағида бойынша ұйымдастырылғаны баршаға белгілі. Мәжіліс пен мәслихаттар жаңа үлгі бойынша жасақталады. Өкілді билікке түрлі көзқарастағы азаматтардың келуіне мүмкіндік туады. Жүйелі шаралардың нәтижесінде елімізде алғаш рет бірнеше жаңа саяси партия тіркелді. Тәуелсіздік тарихында мұндай жаңашылдық бұрын соңды болған емес. Саяси науқанда мен де бағымды сынап көрдім. «AMANAT» партиясы Қостанай облыстық филиалының тізімі бойынша облыстық мәслихатының депутаттығына ұсынылды. Бүгінде өзіме жүктелген сенім мен зор жауапкершіліктің үдесінен шығуға тырысудамын. Партияның жергілікті филиалында тұрақты түрде ұйымдастырылып отыратын қоғамдық қабылдау іс-шарасына қатысып, азаматтардың арыз-шағымдарын қарастыруға, олардың уақытында шешімін табуына атсалысып жатырмын.



Осы жылдың тағы бір жаңалығы облыстық әкімдік пен «Даму» қоры бірлесіп Арқалық қаласы, Амангелді және Жангелдин аудандарының ШОБ субъектілерін өңірлік қаржыландыру бағдарламасын іске қосты. Бағдарлама аясында оңтүстік аудандардың кәсіпкерлеріне жылдық сыйақы мөлшерлемесі 1% болатын несие беру қолға алынды. Облыс орталығынан төрт жүз шақырымдай қашықтықта жатқан аудандардың кәсіпкерлеріне бұл жаңалық ерекше серпіліс берді деген ойдамын. Қаржыгер ретінде аталмыш бағдарламаны өте жоғары бағалаймын. Аймақ басшысының жергілікті кәсіпкерлерге де-

ген осынау қолдауы жаңа жобалардың жүзеге асып, қосымша жұмыс орындарының көптеп ашылуына жол ашпақ. Оңтүстік өңірлердегі кәсіпкерлік саласына арналған бұл қолдау егемендік тарихындағы маңызды қадамдардың бірі деп есептеймін.

Құрметті оқырман, облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты арқолтай жаңалықтар легі жалғаса береріне сенім мол. Баршаңызды келе жатқан Республика күнімен құттықтаймын! Араға он үш жыл салып ұлттық мереке мәртебесіне қайта ие болған Республика күнінің маңызы зор. Егемендігіміз мәңгілік, бірлігіміз бекем болсын!

Нұрбол БАЙЗИРОВ,
Қостанай облыстық
мәслихатының депутаты

Еліміз өркендеп, дами берсін!

Құрметті жерлестер сіздерді еліміздің әр азаматы үшін айтулы мереке – Республика күнімен құттықтаймын! Өз кезегінде, осы жыл ішінде қандай өзгерістер болғанын атап өткім келеді. Біріншіден, ол менің қоғамдық өмірімдегі ең маңызды оқиға – мемлекет басшысының «ОТБАСЫ HELP» отбасылық терапиясы авторлық жобам берген бағасы. Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімшілігі ұйымдастырған «АРУАНА» байқауының, «Әйелдер мен балалар құқығын қорғау саласындағы үздік жоба» номинациясы бойынша марапатталды. Мен үшін бұл маңызды оқиға, сонымен қатар қоғам мен мемлекет игілігі үшін жаңа жобаларды іске асыруда шабыт береді.

Жуырда ғана Қостанай облысы әкімінің өкімімен облыс бойынша балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті өкіл болып тағайындалдым. Кемелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың ол өте маңызды жұмыс, сонымен бірге күрделі және жауапты сала. Бұл бағыттағы жақсы жұмыс істеуі үшін мен, облыстың жаңа тұжырымдамасын әзірлеуге дейін қолдан келгеннің бәрін жасаймын.

Жалпы қоғамдық өмірімде басқа да белсенді, жақсы және жағымды сәттер көп болды деп айтуға болады. Мен мемлекетіміздің игілігі үшін жұмыс істеуге әрқашан дайынмын. Маңызы зор мерекелердің бірі – еліміздің Республикасы күнімен құттықтаймын! Бұл күн – ата - бабамыз аңсаған арманның жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған ұлы күн.

Осындай маңызы бар тарихи думанда



еліміздің туы асқақтап, келешегі көркейе берсін. Осы салтанатты күні баршаңызға игілік пен бақыт, бақ - дәулет, ырыс тілеймін. Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты болсын! Еліміздің мәртебесі биіктеп, әлемге шарықтай беруіне деген ыстық ықыласымды жеткіземін.

Несебелі БӨСЕНОВА,
Қазақстанның құрметті заңгері

Аңсаған, армандаған мереке

Бұл күн біз үшін теңдесі жоқ мереке. Осы күнді армандадық, аңсадық, қаншама ата-балаларымыздың қолы жеткен жоқ. Міне, отыз жылдан асты егемендік алғанымызға, құдайға шүкір еліміздің жағдайы жақсарды. Медицина саласы, білім, ғылым өркендеді. Елді мекендердің инфрақұрылымдары жақсарып, ауыл шаруашылығы, өндіріс көздері кең қанат жаюда. Арқалық қаласы да жақсы ғұмыр кешуде. Биыл қаламызда судың да, жылуудың да трассалары жөнделіп, қазір жылу қазандығы іске қосылып, үйіміз өте жылы болып, кешегі облыс кезіндегідей мөре-сәре болып отырмыз.

Мемлекеттік мерекеге арналып Арқалық қаласында да көптеген іс-шаралар өткізіліп жатыр. Оның ішінде шоқтығы биік ұлттық ат спорты ойындарымыз: көкпар, ат жарыстары өткізілуде. Міне, бұл да болса еліміздің тәуелсіздігінің арқасында жүзеге асып жатқан істер.

Қарағанды мемлекеттік медициналық институтының емдеу факультетін бітіріп, еңбек жолымды Торғай облыстық туберкулезге қарсы диспансерінде жоғарғы санаттағы дәрігер-рентгенолог болып бастадым. Еңбек жолымда алған марапаттарым да аз емес. «Еңбек сіңірген мемлекет қызметкері» орденімен, «Қазақстан денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», республикалық дәрігерлер Ассоциациясының «Алтын дәрігер» медальдарымен марапатталдым. Осы жетістіктерімді елімнің тәуелсіздігімен байланыстырамын.

Бүгінде жұбайым Сәуле Қабижанқызымен



бірге немере, шөбере сүйіп отырған бақытты жандармыз. Зейнеткерлікке шықсақ та бір үйдегі қос дәрігер үнемі жастарға ақыл-кеңесімізді беріп келеміз.

Барша отандастарымды мерекемен құттықтай отырып, елге тыныштық, бақыт, табыс тілеймін. Тойымыз тойға ұласа берсін!

Мұхамедрахым СПАНДИЯРОВ,
Арқалық қаласының
құрметті азаматы.

Ұлттық рухты көтеретін мейрам

Республика күні – еліміздің басты ұлттық мерекесі. Ұлттық мереке деп – тарихи маңызы жоғары, Қазақстанның мемлекеттігіне ерекше ықпал еткен күнді айтамыз.

Бұл күннің тарихына келсек, 1990 жылы 25 қазан күні ҚазКСР Жоғары Кеңесінің Қаулысымен Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл декларацияның қабылдануымен Қазақстанның егемендігін мәлім ететін жеке аумағы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілген болатын. Қазақстанның егемендігі және аумағының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан айқындалды.

Араға бес жыл салып, 18 қазанда ҚР Президенті Жарлығымен 25 қазан – Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі – Республика күні деп жарияланғанымен, 2009 жылдың 22 сәуірінен бастап аталып өтпей қалды. Енді, міне, 13 жылдан кейін, 2022 жылдың 29 қыркүйегінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Республика күні» мерекесіне Ұлттық мереке мәртебесін қайтарып берді. Бұл қазақ елі үшін күтпеген сый болды. Отыз жылдағы мерекеміз қайта жаңғырды. Барша қазақ жұрты Республика күнімен құттықтаймын!



Гүлзада ЖАРМҰХАМЕДОВА,
Қостанай қалалық №2 сотының сот
өкімшісінің бас маманы

Ел болашағы жастардың қолында

Еліміз күннен-күнге дамып, айдарынан жел ескен арғымақтай алға ұмтылуда. Мен де ғажайып, бірегей еліме өзіндік үлесімді қосқым келеді. Сондай-ақ, мұны ескең әрбір жас ұрпақтың парызы деп білемін.

Мен ұлт ұстазы атындағы Қостанай өңірлік университетінің тарих мамандығының студентімін. Дегенмен, гуманитарлық пәнмен қатар спортты да жаным

серік еттім. Осы уақытқа дейін аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық сайыстар да жеңімпаз болдым. «Gens» халықаралық спорт, білім және ғылым сайысында «ТМД» бойынша «Үздік студент» атандым. Бұл бірінші кезекте маған дәріс беріп, білімді шыңдауыма жағдай жасаған ұстаздарымның арқасы.

Қазірдің өзінде білімді, білікті боламын деген жасқа барлық мүмкін-

дік жасалған. Республикамыздағы тұрақтылық пен бейбітшіліктің нақ көрінісі осыдан білінсе керек. Осы ретте тәуелсіз елде мамыражай ғұмыр кешіп жатқан еліміздің барша халқын республика күнімен құттықтаймын!

Ақбота НҰРЛАНҚЫЗЫ,
А. Байтұрсынұлы атындағы
ҚӨУ тарих мамандығының
студенті.



Екі ұрпақтың жұлдыздары



Сералы МЫРЗАБАЙ

Осы уақытқа дейін қарт буын мен жастар бірігіп ән шырқап келсе, биыл мерейтойға орай форматы өзгертіліп, тек қарттар жұп-жұп болып өнер көрсетті. Тоғызыншы рет ұйымдастырылған байқауда 13 жұп бақ сынады. Әр қатысушы әндерін дайындап, сахналық киім үлгісін әзірлеп, ерекше дайындықпен келген. Көруге келген қарттар залға сыймай, қосымша орындықтар қойдыртып тамашалады.

Қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Сәлімгерей Бексейітовтің айтуынша, сайысқа тек рудныйлық қарттардан бөлек, Қашар кентімен Лисаков және Қостанай қаласынан да жұптар келген.

– Қалалық ардагерлер ұйымы бұл байқауды 2013 жылдан бері өткізіп келеді. Ең алғаш бастағанда шағын ғана залда болатын, қазір ауқымы кеңейіп, танымалдылығы артты. Келер жылы мерейтой, яғни 10 жыл толады. Мерейтойға орай жыл басынан бері түрлі іс-шаралар ұйымдастырып келеміз, – дейді Сәлімгерей Бексейітов.

Сайыскерлер әр ұлт өкілінен болғандықтан әндер де бір-біріне ұқсамайды. Байқаудың тұрақты қатысушысы Татьяна Жемчук осы жолы құрбысы Мәдина Хусточкамен өнер көрсетті.

– Жыл сайын қалмай бақ сынап келемін. Әр жылда өзгеше әндерді таңдауға тырысамыз. Өзім мәдениет саласында қызмет еттім, әншімін. Қартайған соң да отырып қалмай, әлі күнге дейін мәдениет үйіне барып тұрамын, – дейді зейнеткер Татьяна Жемчук.

Мәдина Хусточка байқауда биыл алғаш рет. Сахнаға шығар алдында ерекше қобалжығанын айтады. Ол Қашар кентінде ұзақ жыл қыз-

мет етіп, зейнетке шыққан. – Осы уақытқа дейін көрермен ретінде келсем, биыл құрбымның қолқасымен байқауға қатыстым. Алғашқы рет сахнаға шығып тұрған соң



қобалжығаным рас, бірақ ән басталғанда қобалжу бірден сейілді, – дейді Мәдина Хусточка.

Жақсылық Кәкенов ақсақалдың есімі өңірге жақсы

таныс. Ағамыз зейнет жасына дейін түрлі абыройлы қызметтер атқарған. Қазір Рудныйда тұрады. Сексеннің сеңгіріне шықса да қоғамдық жұмыстардың бел ортасында

жүр. Облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі. Ағамыз бұл байқауда да бірнеше дүркін өнер көрсеткенін айтады.

– Зейнет жасына шыққан соң да бірнеше жыл Ы.Алтынсарин атындағы әлеуметтік-гуманитарлық колледжде аудармашы болып жұмыс істедім. Қоғамдық жұмыстарға ат салысып келемін. Тіл жанашыры ретінде қазақ тілінің мәртебесі жөнінде газетке мақала жазып тұрамын. Оқу орындары мен мектептер түрлі іс-шараларға шақырып тұрады, қалмауға тырысамын. "Жадыра" халықтық вокалдық ансамблінде ән айттым, – дейді Жақсылық Кәкенов.

Майталман механизатор Кәмшат Дөненбаеваның шәкірті, 1984 жылы апамыздың қолынан трактор кілтін алған механизатор Айман Нұрпейісова да ән шырқады.

– Он жылдан астам уақыт бел жазбай трактор жүргіздім. Ән-жырға жақын адаммын. Ансамблдің мүшесі болғаным он жылдан асты. "Жанұя" ұзақ өмір сүру клубына барып тұрамын. Онда ән мен би, гимнастикамен айналысамыз. Тоқымамен шұғылданамыз. Байқауда ансамбль мүшесі екеуіміз жақсы шырқап шықтық деп ойлаймын, – дейді Айман Нұрпейісова.

Келушілер үшін арнайы фото-көрме әзірленді. Қарттар түрлі іс-шарада түсірілген суреттерді қарап, арасынан өздерін де кездестіріп жатты. Осылайша, қоғам көшінен еш қалыспай, қартайдық деп қапаланбай керісінше өздеріне жарасымды жиындарды атқарып келеді.

Рудный қаласы әкімінің міндетін атқарушы Сәкен Көкішев мерейтоймен құттықтап, байқау соңында қатысушыларды ата-алдырмен марапаттады. Сондай-ақ, оларға демеушілер тағайындаған сыйлықтар табысталды.

Суреттерді түсірген Бейбіт МЕЙРАМҰЛЫ





24 қазан – кітапханашылар күні



Адамды адам еткен – кітап

Бүгінде елімізде 11 мың кітапхана бар, онда 20 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Қазақ халқының мәдениетіне үлес қосып, оқырмандарға кітап оқуды насихаттауда кітапханашылардың еңбегі зор.

Диана БАТЫРБЕК



"Мирас" мәдениет сарайында алғаш рет Кітапханашылар күні ұйымдастырылды. Аталған іс-шара Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының бастамасымен өтті. Облыс кітапханашыларының тарихы мен қазіргі үрдісін көрсететін фотокөрме ұсынылды. Адамзаттың ең бай рухани және мәдени мұрасын сақтау, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – бұл мерекенің басты міндеті.

Қостанай облысы әкімінің орынбасары Ринат Мұхаметқали кітапхана – қоғам мен білімнің дамуында маңызды рөл атқаратын, адамзаттың мәдени мұрасын сақтайтын ерекше орын екенін атап өтті.

Елдің тарих, әдебиет пен мәдениет саласын таныстырып отыратын кітапханашылардың еңбегі зор екені барша-мызға аян.

Облыс әкімі орынбасарының мәліметінше, кітапхана жұмысын жақсарту үшін 2 млрд теңге, соның ішінде жөндеу жұмыстарына 48 млн теңге, материалдық және техникалық жабдықтарға 300 млн теңге, кітаптарды толықтыру үшін 40 млн бөлінді.

"Әбіш Кекілбаевтың "Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана" деген сөзінің жаны бар. Құр-



метті кітапханашылар мәдени мұраны сақтау мен оны насихаттаудағы еңбектеріңіз, қоғамға қызмет етуге жұмсаған күштеріңіз үшін алғыс білдіреміз. Сіздерге шығармашылық ізденіс пен табыс тілейміз", – деді Ринат Мұхаметқали.

Ринат Зәкиұлы кітапханашыларды Қостанай облысы әкімінің құрмет грамотасымен марапаттады, сондай-ақ Ыбырай Алтынсарин атындағы республикалық әдеби байқауының жеңімпаздарына арнайы сыйлықтар, қаржылай сертификаттар мен марапаттаулар тапсырды.

"Кітапханашылардың жұмысы көзге көрінбесе де, ең бағалы қызметті атқарады. Біз жылдар бойы кітапхана жұмысына қызмет еткен ардагер кітапханашыларды шақырдық. Бүгінгі мерекелік кеште марапаттар мен арнайы сыйлықтар ұсынатын боламыз", – дейді Л.Толстой атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Дариға Дүйсебаева.

Қостанай облысы мәдениет басқармасының басшысы Құралбек Бүркітбайұлы кітапханашыларға жарқын болашақ



жолында шығармашылықпен атқарып жатқан жұмыстары үшін алғыс білдірді. Құралбек Атамұратовтың сөзінше, облысымыздың мәдениет саласында 600-ден астам кітапханашы қызмет етіп келеді. Бүгінгі таңда облыс кітапханаларында 12 коворкинг орталық, балаларға 275 және ересектерге арналған 102 бірлестік жұмыс істейді.

"Халық арасында "Жақсы кітап жан азығы" деген қанатты сөз бар. Сіздерге амандық, шалқар шабыт, сарқылмас қуат, жаңа жетістіктер тілеймін", – деді Құралбек Атамұратов.

Құралбек Атамұратов кітапханашыларға Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының басшысы грамоталарын және ҚР ұлттық кітапхана марапатын ұсынды.

"Кітапхана мәртебелі мамандық. Себебі ұлттың руханияты, оның өрістеуінде алар орны ерекше. Сондықтан да

бұл мерекені арнайы бір күнге бекітіп, оным мадақтау өте маңызды. Бүгін мен және әріптесім екеуіміз арнайы марапатқа ие болдық. Барлығы үшін рахмет. Парасаты мен пайымы, ақылы мен ой-өрісі биік оқырмандарымыз көп болсын", – дейді Аманкелді аудандық орталық кітапханасының директоры Көркем Мұсабаева.

Салтанатты мерекеге кітапханашы ардагерлер, орталықтандырылған кітапхана жүйелерінің, облыстық кітапханашылардың, оқу орын басшылары мен кітапханашылары, облыстық мәдениет және өнер ұйымдарының басшылары мен шығармашыл зиялы қауым өкілдері келді. Іс-шараның құрметті қонақтары ретінде Қостанай облысының қоғамдық даму басқармасының, білім басқармасының басшылары, жоғарғы оқу орындарының ректорлары, сондай-ақ әлеуметтік серіктестер мен демеушілер қатысты.

Суреттерді түсірген
Бағдат АХМЕТБЕКОВ

Шеберліктерін шындады

"Қостанай минералдары" АҚ өртке қарсы қызметі ұйымдастырған құтқарушылар күніне арналған спартакиадаға қатысушылар ату әдістерін, жауынгерлік киім киіп, сапта орналастыру тәртібін және күштік экстремалды сайыста өз өнерлерін көрсетті.

Бұған жаңбыр мен қатты жел ауа-райының қолайсыздығы қосымша сынақ тудырғанына қарамастан, жауынгерлерге барлық тапсырмаларды орындап шығуға кедергі болған жоқ. Команданың қатысушылары жеңіл машинаны 5 метр қашықтыққа жылжытып, 452\85\ R21 автомобиль дөңгелегін 3 рет аударды,



10 метр қашықтыққа 16 килограмнан 2 шайнекті алып жүріп өтті. Қашықтық арасы үздіксіз секундомермен белгіленді. Қалған жаттығулар толық құраммен орындалды. Мұндай жарыстар тек физикалық төзімділік сынағы ғана емес, жауынгерлерге қажет қайсарлық пен командалық рухтың нағыз көрінісі болды. №1 бөлімше командасы нағыз өр рухын көрсетіп, қызықты сайыста жеңіске жетті, №4 бөлімше командасы екінші орынды, №3 бөлімше үшінші орынды жеңіп алды. Барлық командалар грамоталармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Кітапханашы — мәртебелі мамандық

Кітапхана – ғасырдан ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан, шырағы биік парасаттылық пен білімділіктің, байтақ пен біліктіліктің киелі ордасы десек, қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылар – ең қажет, абыройлы мамандық иелері.

Былтыр Президент бастамасымен 24 қазан – кітапханашылар күні болып бекітілді. Мақсаты – кәсіби аренада кітапханашы мамандығының беделін арттыру, имиджін қалыптастыру еді.

Мерекенің қысқаша тарихына тоқталсақ, бұл күн еліміздегі алғашқы кітапхананың пайда болу тарихымен байланысты. 152 жыл бұрын Орал қаласында 1871 жылы 24 қазанда Орынбор генерал-губернаторының "Әскери көпшілік кітапханасын құру туралы" бұйрығымен әскери көпшілік кітапханасы ресми түрде ашылды. Сондықтан бұл күн "кітапханашы" деген құрметті есімі бар кез келген адам үшін ерекше күн болып саналады. Бұл мерекені рухани әлемнің дамуына үлес қосып жүрген кітапханашылар ғана емес, оқырмандар да асыға күткен еді. Себебі, соңғы жылдары кітапханашылардың еңбегі ескерусіз қалды. Енді мерекемен бірге мамандықтың мәртебесі де қайта түлегендей. Республикамыздағы, облысымыздағы жоғары және орташа оқу орындары кітапханашы мамандарын даярлауда, оқимын, дамимын деушілерге осы мамандықты алу мүмкіндіктерін жасауда.

Облысымызда 300-ден аса мемлекеттік кітапхана жүйесі болса, сол кітапханаларда 700-ден астам кітапханашылар қызмет атқаруда. Облыс кітапханашылары жан-жақты, оқырмандарға дәстүрлі қызмет көрсетуден тыс, қашықтықтағы оқырмандар үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып кретивті бейнероликтер жасап, оларды әлеуметтік желілерге жүктеуде. Өткен ғасырда баспа беттерінде пайда болған қандай да бір мақала қажет болса, оны оқырман RABIS – ақпараттық жүйесінен және толық мәтінді базасынан таба алады, пайдаланушы туындаған сұрағына, іздеген әдебиетіне жауапты виртуалды анықтамалық қызметтен және құжаттарды электронды жеткізу қызметтерін де

ала алады. Осы қызмет түрлеріне де кітапханашылар жауапты.

Кітапханашылардың атқарған қызметтері мен жүзеге асырған жобалары өздерінің жазған мақалаларында және теледидар мен радиоларда берген сұхбаттарында көрініс табады. Әріптестеріміздің БАҚ-тағы жұмысы туралы ақпараттардың саны бес жүзге жетіп жығылады. Бұлардан басқа, кітапхана мамандары еліміздің әр өңірінің кітапханалары өткізген семинарларға, конференциялар мен жиындарға да қатысып отырады.

Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша облыстық кітапханамыздың басшысы Д.Дюсибаева "Рухани қазына" атты мәдениет және өнер ұйымдары мен қызметкерлерінің фестиваліне қатысып, жүлделі орынды иеленді. Астанада Ұлттық академиялық кітапхана алғаш рет ұйымдастырған Қазақстанның жас кітапханашыларының слетіне облысымыздан Г.Кутеева, Г.Кабакова, А.Елібаева, Н.Корякина сынды жас кітапханашылар қатысып келді. Биыл да Е.Самарских есімді әріптесіміз "Жылдың үздік жас кітапханашысы" сайысына қатысып жүлделі оралды. Айта берсек, әріптестеріміздің жетістіктері жетерлік, олардың бәрін жазып бір мақалаға сыйдыру мүмкін емес.

Эстетикалық талғамы бай, ойы зерек, өзінің кәсіби шеберлігін шындаған, оқырмандарға білім мен қажетті ақпараттың тиімдісін таңдап беріп отыратын, жан-жақты, білімді, парасатты әріптестерімізді бүгінгі мерекемен құттықтай отырып, іскерлік табыс пен денсаулық тілейміз. Өскекең ұрпақ бойына өнегелі тәрбие беруде аянбай еңбек ететін қызметкерлеріміздің қатары көбейе берсін.

**Гүлжанат ӘМІРХАМЗИНА,
Л.Толстой атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының әдіскері.**

Кәмелетке толмаған балалардың мүлкі бойынша мемлекеттік қызметтер

Кәмелетке толмаған балаларға тиесілі мүлкі, мысалы, пәтерді сату қажеттілігі туындаған кезде, қорғаншылық және қамқоршылық органдарынан рұқсат қажет болады. Балалардың мүлкін қандай жағдайда басқаруға болады? Пәтердің кәмелетке толмаған иесі оны 18 жасқа толғанға дейін өз бетінше иелік ете алмайды. (сату, кепілге беру)

Қорғаншылық және қамқоршылық органдарының рұқсаты мәмілелердің мынадай түрлеріне беріледі:

- жылжымайтын мүлкі сату;
- жылжымайтын мүлкі кепілге беру;
- банк салымына;
- автокөлікке;
- мұрагерлік мүлікке билік ету ("БЖЗК" АҚ салымдары және т.б.).

Егер кәмелетке толмаған тұрғын үйде тұрса, бірақ жылжымайтын мүлкінің немесе оның бір бөлігінің меншік иесі болып табылмаса, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімі талап етілмейді.

Анықтама алу үшін «Кәмелетке толмаған балалардың мүлкіне билік ету және кәмелетке толмаған балаларға мұраны ресімдеу үшін анықтамалар беру» онлайн-қызметін пайдалану қажет.

Онлайн-өтінім беру кезінде оған келесі құжаттар тізімін қоса беріп, өз ЭЦҚ-мен қол қою қажет:

1. кәмелетке толмағандардың мүлкіне билік ету үшін электрондық құжат нысанындағы өтініш;
2. баланың туу туралы куәлігінің электрондық көшірмесі (АХАЖ АЖ-да мәліметтер болмаған кезде не ол Қазақстан Республикасынан тыс жерде туған кезде);
3. жұбайының (зайыбының) нотариаттық келісімінің электрондық көшірмесі: қайтыс болу туралы куәлік, ата-аналарын ата-ана құқықтарына айыру туралы сот шешімі, оларды ата-ана құқықтарына шектеу, ата-аналарын хабар-ошарсыз кеткен, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау, туу туралы анықтама және т.б.;
4. заң бойынша мұрагерлік құқығы туралы куәліктің (нотариустан) электрондық көшірмесі (заң бойынша мұра алған жағдайда);
5. мүлкінің бар екендігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;
6. баланың (балалардың) пікірінің электрондық көшірмесі (он жасқа толған кезде) – білім бөлімі 10 жасқа толған баланың пікірін есепке алу туралы шешім береді.

Қорғаншылық және қамқоршылық органы ұсынылған құжаттарды зерделей отырып, 3 жұмыс күні ішінде мәмілеге өзінің келісімін бере алады немесе дәлелді түрде бас тарту алады.

Егер сұрақтар туындаса, Сіз мына мекен-жайға жүгіне аласыз: Қостанай қ., Байтұрсынов к-сі, 67-үй, каб. 111,113, 114,115 (Қостанай қаласының білім бөлімі), тел. 54-52-28.

«Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ

Государственные услуги по имуществу несовершеннолетних детей

Когда возникает необходимость распорядиться имуществом, принадлежащим несовершеннолетним детям, к примеру, продать квартиру, то потребуются разрешение с органов опеки и попечительства.

При каких условиях можно распоряжаться имуществом детей?

Несовершеннолетний владелец квартиры не может распоряжаться ею (продать, передать в залог) самостоятельно до достижения 18 лет.

Разрешение органа опеки и попечительства выдается на следующие виды сделок:

- продажа недвижимого имущества;
- передача в залог недвижимого имущества;
- распоряжение банковского вклада;
- распоряжение автотранспорта;
- распоряжение наследственным имуществом (вклады АО «ЕНПФ» и др.).

Согласие органа опеки и попечительства не требуется в случае, если несовершеннолетний проживает в жилище, но не является собственником недвижимости или ее части.

Чтобы получить справку, нужно воспользоваться онлайн-услугой «Выдача справок для распоряжения имуществом несовершеннолетних детей и оформления наследства несовершеннолетним детям».

При подаче онлайн-заявки, к ней необходимо приложить следующий список документов и подписать своей ЭЦП:

1. заявление для распоряжения имуществом несовершеннолетних в форме электронного документа;
2. электронная копия свидетельства о рождении ребенка (при отсутствии сведений в ИС ЗАГС либо при его рождении за пределами Республики Казахстан);
3. электронная копия нотариального согласия супруга (-и) либо согласие отдельно проживающего законного представителя ребенка (детей) (электронная копия документов, подтверждающие факт отсутствия пожелания над ребенком одного из родителей: свидетельство о смерти, решение суда о лишении родителей родительских прав, ограничении их в родительских правах, признании родителей безвестно отсутствующими, недееспособными (ограниченно дееспособными), объявлении их умершими, справка о рождении и т.п.);
4. электронная копия свидетельства о праве на наследство по закону (от нотариуса) (в случае получения наследства по закону);
5. электронные копии документов, подтверждающие наличие имущества;
6. электронная копия мнения ребенка (детей) (при достижении возраста десяти лет) – выдается Отделом образования решение об учете мнения ребенка, достигшего 10-летнего возраста.

Орган опеки и попечительства, изучив представленные документы, в течение 3 рабочих дней может дать свое согласие на сделку или мотивированно отказать.

Если возникли вопросы, то можете обратиться по адресу: г. Костанай, ул. Байтұрсынова, д. 67, каб. 111,113, 114,115 (Отдел образования г. Костаная), тел. 54-52-28.

ГУ «Отдел образования г. Костаная»

Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 90

МЕНШІК ИЕСІ

«Қостанай таңы» газеті редакциясы» ЖШС

Директор-Бас редактор
Кенжеш АМАНОВА

Директор-Бас редактор
қабылдау бөлмесі:
54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-Бас редактордың
орынбасары: 54-84-44

Шеф-редактор: 54-67-65

Тілшілер: 54-79-68, 54-28-42

Жарнама бөлімі: 54-33-22

Бухгалтерия: 54-99-88

МЕНШІК ТІЛШІЛЕР:

Арқалықта: 7-30-79, 8-701-323-54-91

Аманкелдіде: 8 708 1999827, 8-777-115-95-35

Жанкелдинде: 21-0-75, 8-702-529-3879

Сарыкөлде: 49-0-23, 8-701-856-63-24

Беттеуші-дизайнерлер:
Бексұлу Ислам, Нұрсұлу Алмат.

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция кезқарасын білдірмейді.

Редакция оқырман хатына жауап бермейді және оны қайтармайды.

А-4 форматта үш беттен асатын материалды қабылдамайды.

«Қостанай таңында» жарияланған материалды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А) Ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 22.11.2018 жылы тіркеліп, №17374-Г куәлігі берілді.

«Қостанай таңы» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Офсеттік басылым. «Полиграфия Қостанай» ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі №16. Бағасы келісім бойынша.

ОРАЗБАЕВ ГАЙСАР ӘДІЛХАНҰЛЫ – Алтынсарин ауданы әкіміне үміткер

Мен 1978 жылы 7 қарашада Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Степняк ауылында дүниеге келдім. Психология және құқықтану мамандықтары бойынша екі жоғары білімім бар.

Мемлекеттік қызметте 17 жыл жұмыс істеймін. Еңбек жолын 2004 жылы Қостанай қаласы әкімі аппаратының жалпы бөлімінің бас маманы лауазымынан бастадым, ұйымдастыру-бақылау жұмысы бөлімінің басшысы, Қостанай қаласы әкімі аппаратының басшысы болып жұмыс істедім. 2018 жылдың мамырынан 2019 жылдың наурызына дейін "KAZAKH INVEST" "ҰК" АҚ Қостанай облысы бойынша өңірлік директорының орынбасары болып жұмыс істедім. 2019 жылдың наурыз айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Қостанай облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарамын.

Сайлауалды бағдарламада шағын және орта бизнесті қолдаудың, әсіресе оның ауылдық жерлерде дамуының маңыздылығын атап өтемін.



УРАЗБАЕВ ГАЙСАР АДИЛХАНОВИЧ – кандидат в акимы Алтынсаринского района

Я родился 7 ноября 1978 года в селе Степняк, Амангельдинского района, Костанайской области. Имею два высших образования по специальностям психология и юриспруденция.

За плечами имею 17 лет работы на государственной службе. Начал трудовую деятельность в 2004 году с должности главного специалиста общего отдела Аппарата акима города Костаная, работал руководителем отдела организационно-контрольной работы, руководителем Аппарата акима города Костаная. С мая 2018 года по март 2019 года работал заместителем Регионального директора АО «НК «KAZAKH INVEST» по Костанайской области. С марта 2019 года и по настоящее время занимаю должность заместителя руководителя Управления предпринимательства и индустриально-инновационного развития акимата Костанайской области.

В своей предвыборной программе отмечаю важность поддержки малого и среднего бизнеса, особенно его развитие в сельской местности.

СЕЙДАХМЕТОВ БОЛАТ ҚАСЫМЖАНҰЛЫ – Алтынсарин ауданы әкіміне үміткер

Мен 1965 жылы 14 қарашада Қостанай облысы, Семиозерный ауданы, Шолақ-Терек ауылында дүниеге келдім. Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс мамандығы бойынша жоғары білімім бар.

Еңбек жолын 1982 жылы Қостанай облысы Семиозерный ауданының "Чернышевский" совхозында жұмысшы болып бастағанмын. 1991 жылдан 2000 жылға дейін Арқалық ПМКОПС тас қалаушы-монтажшысы, Чернышевский совхозының шебері, Алтынсарин ауданы Приозерный совхозының шебері, Приозерный совхозының №2 бөлімінің бухгалтері, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженер болып жұмыс істедім.

2000 жылдан 2003 жылға дейін Приозерный ауылдық округінің әкімі қызметін атқардым. 2007 жылдан 2016 жылға дейін "Алтынсарин ауданы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі" ММ басшысы, "Алтынсарин ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" ММ басшысының орынбасары, "Алтынсарин ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ басшысы қызметін атқардым.

2017 жылдың шілдесінен бастап қазіргі уақытқа дейін "Қостанай облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" ММ басшысының орынбасары болып жұмыс істеймін.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында он жылдан астам жұмыс істей отырып, өңірдегі ең негізгі проблемалардың бірі жолдар екенін білемін. Инфрақұрылымды дамыту және жол салу – менің сайлауалды бағдарламамның негізі. Ауылға жол өткіземіз! Проведем дороги в село!



СЕЙДАХМЕТОВ БУЛАТ КАСЫМЖАНОВИЧ – кандидат в акимы Алтынсаринского района

Я родился 14 ноября 1965 года в селе Шолак-Терек, Семиозерного района, Костанайской области. Имею высшее образование по специальности промышленное и гражданское строительство.

Свою трудовую деятельность начал в 1982 году рабочим в совхозе «Чернышевский» Семиозерного района Костанайской области. С 1991 года по 2000 годы - проработал каменщиком – монтажником Аркалыкского ПМКОПС, разнорабочим совхоза Чернышевский, мастером совхоза Приозерный Алтынсаринского района, бухгалтером отд. №2 совхоза Приозерный, инженером по охране труда и технике безопасности.

С 2000 года по 2003 год занимал должность акима Приозерного сельского округа. С 2007 года по 2016 год был начальником ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства акимата Алтынсаринского района», заместителем начальника ГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства акимата Алтынсаринского района», начальником ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Алтынсаринского района», начальником ГУ «Отдел ЖКХ, ПТ и АД акимата Костанайского района».

С июля 2017 года и по настоящее время работаю заместителем руководителя ГУ «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Костанайской области».

Работая больше десяти лет в сфере жилищно-коммунального хозяйства, знаю, что одна из самых основных проблем в регионе – дороги. Развитие инфраструктуры и строительство дорог – основа моей предвыборной программы. Ауылға жол өткіземіз! Проведем дороги в село!



Жерлесіміз әлем чемпионы

Жақында Ресейдің Екатеринбург қаласында ММА-дан әлем чемпионаты өтті. Онда жерлесіміз Айым Ағытаева ұзақ дайындығының ең маңызды нәтижесін көрсетіп әлем чемпионы атанды. Жарыстың алғашқы бөлігінде Ресей, Якутия және өз елімізден барған үш қарсыластың бірі болып, финалда ұпай санымен жеңіске жетті.



«Турнирден кейін бірден анама қоңырау шалып, оны қуанттым. Барлық еңбегімнің бекер кетпегенін ұқтым. Бала кезімнен таңдаған жекпе-жек спорты денсаулығымды сақтауға көмектеседі, ерік-жігерімді көрсетеді. Бұл спорт маған тек рақат сыйлайды. Әрине, басында өте қиын болды, бірақ уақыт өте келе ұнай бастады. Сүйікті ісіме өз уақытымды, күш-жігерімді жұмсағаным ешқашан өкінбеймін, өйткені болашақта бұл менің мансабым болатынына сенемін», – дейді әлем чемпионы.

Айым тоғыз жасынан бастап спортпен шұғылданады. Жекпе-жектің дзюдо, бокс, қоян-қолтық ұрыс секілді көптеген түрлерімен жаттығып көрді. Бүгінде Дружба орта мектебінің 10-сыныбында оқитын ол жекпе-жектің ММА түрінен өзінің сара жолын тапқанына сенімді.

«2022 жылдан бері «Барыс» клубында жаттығып көптеген жарыстарға қатыстым, Мен үшін ең маңыздысы Екатеринбургтегі жарыс болды. ММА бойынша әлем чемпионаты болдым. Жарыс жолында үш рет шетелге шығып, жүлделі орындарға ие болдым», – дейді Айым.

Он алты жастағы өрімдей

атлет бірнеше медальдар мен белбеулердің, облыстық, республикалық, әлемдік кубоктердің иегері. Осы жылдың өзінде Қазақстан чемпионаттары мен халықаралық турнирлерде жеңіс тұғырынан көріне білді.

«Ең есте қаларлық жарысым деп Қырғызстанға жасаған сапарым деп айта аламын. Әлем кубогінде күміс жүлдемен елге оралдым. Ал биыл мен Қазақстанның жеті бірдей чемпионатына қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Қырғызстан елі менің шетелге шыққан алғашқы қадамым болды. Маған олардың ұйымдастыру жағы қатты ұнады, жарыстары өте жоғары деңгейде өтті. Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Сирия және Үндістаннан келген қыздармен жекпе-жекке шықтым. Мен үшін бұл бірінші ең көп жекпе-жек өткізген жарысым болды», – дейді Айым Ағытаева.

Айбек ҒАЛЫМҰЛЫ